



**БҰЙРЫҚ**

*2023 жылдың 10 қазан*  
Павлодар қаласы

**ПРИКАЗ**

№ 1-03/950  
город Павлодар

**Жас тарихшылардың «Менің кіші Отаным»  
атты VI Республикалық зияткерлік конкурсының  
қалалық кезеңін өткізу туралы**

Туған жер тарихына қызығушылық танытатын талантты оқушыларды анықтап, олардың шығармашылық қабілетін, қоғамдық белсенділігін дамыту мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023 жылғы 10 қазанда 9-10 сынып оқушылары арасында жас тарихшылардың «Менің кіші Отаным» атты VI Республикалық зияткерлік конкурсының қалалық кезеңі № 7 жалпы орта білім беру мектебінің негізінде өткізілсін.

2. Павлодар қаласының № 7 жалпы орта білім беру мектебі (М.Асаинов) байқаудың өткізілуіне қолайлы жағдай жасасын.

3. Конкурс өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитеті (1-қосымша) және қазылар алқасының құрамы (2-қосымша) бекітілсін.

4. «Павлодар дарыны» бос уақытты қамту және балалардың дарындылығын дамыту орталығы» (А. Мухаметжанова) ұйымдастыру, марапаттау құжаттарын дайындап, тапсырмалардың құпияда сақталуын қамтамасыз етсін.

5. Мектеп басшылары қатысушылардың уақытында келуі және барып-қайту жолында өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз етсін.

6. Қазылар алқасы мүшесіне жұмыс уақытының табеліне сәйкес төлемақы жүргізілсін (А.Мухаметжанова).

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім беру бөлімі басшысының орынбасары Ж.Асаиноваға жүктелсін.

Бөлім басшысы



*Қ.Қыдралин*

Қ.Қыдралин

Таныстырылды

*Асаинова Ж.К.*